

«Basel» сақтандыру компаниясы АҚ
Директорлар кеңесі шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»

2023 жылғы «41/23» 13 қарашадан
отырыс хаттамасы

**АВТОГАРАНТ (КМФ) АВТОКӨЛІКТІ
ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**«BASEL» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АҚ
АВТОКӨЛІКТІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ
№13 ҚОСЫМШАСЫ**

Алматы қ., 2023 ж.



АВТОГАРАНТ (КМФ) АВТОКӨЛІКТІ
ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

АВТОКӨЛІКТІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ №13 ҚОСЫМШАСЫ
«BASEL» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АҚ



Сақтандыру
қағидалары

Сақтандыру класы:

Автокөлікті ерікті сақтандыру.

«BASEL» Сақтандыру компаниясы АҚ
АВТОГАРАНТ (КМФ) автокөлікті ерікті сақтандыру бағдарламасы

Сақтанушы:	Меншік, жалға алу құқығындағы сақтандырылған көлік құралының (бұдан әрі АК деп аталады) иесі (меншік иесі), сондай-ақ, автокөліктің кепіліне несие берген ұйымның қарыз алушысы болған жеке немесе заңды тұлға.
Пайда алушы:	<p>1. АК-ның ұрлану, айдап әкетілу, толық қирауы/жоғалуы кезінде:</p> <p>1) Қарыз/несие шарты бойынша берешек сомасы шегінде АК кепілге қойып, несие берген ұйым.</p> <p>2) Қарыз/несие шарты бойынша берешек сомасынан асатын бөлікте сақтанушы немесе оның өкілі.</p> <p>2. АК зақымданған жағдайда:</p> <p>1) Амортизациялық тозуды есепке алмастан техникалық қызмет көрсету станциясы (ТҚКС*);</p> <p>2) Амортизациялық тозуды есепке алмастан арнайы ТҚКС (Арнайы ТҚКС**).</p> <p>* ТҚКС – Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға қызмет көрсетілетін техникалық қызмет көрсету станциясы.</p> <p>Егер Сақтандырушының пікірі бойынша АК және жоспарланған жұмыстардың қосалқы бөлшектерінің құны көтерілген жағдайда, ол Сақтанушыдан/Сақтандырылған тұлғадан Сақтандырушы ұсынған ТҚКС-та жұмысты орындауды және/немесе қосалқы бөлшектерді заттай түрде ұсынуды талап етуге құқылы.</p> <p>** Арнайы ТҚКС - кепілдік аясында Сақтанушы АК-на қызмет көрсетілетін жер.</p>
Сақтандырылған тұлғалар:	Сақтанушы заңды тұлға – сенімхат немесе жол қағазы негізіндегі тұлғалар. Сақтанушыдан (жеке тұлғалар үшін), кез келген заңды негізде көлік құралын (бұдан әрі АК) пайдалануға жіберілген және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (КҚИ АҚЖМС) полисінде көрсетілген тұлғалар
Сақтандыру шектеулері:	<p>Сақтандыруға Полисті жасау кезінде Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген, 5 (бес) жылдан аспаған АК қабылданады:</p> <p>Келесі санаттардағы АК сақтандыруға қабылданбайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Жедел медициналық жәрдем машиналары; ✓ Әскери және/немесе құқық қорғау органдарының пайдалануы үшін арнайы бейімделген немесе арнайы тағайындалған АК; ✓ Әуежайдың жабық (жалпы қолжетімсіз) аумағы шегінде пайдаланылатын АК; ✓ Спорттық жарыстарға қатысатын, оқу-жаттығу мақсаттары мен тест-драйвтарға қатысатын АК; ✓ Прокатқа берілетін және/немесе такси режимінде жұмыс істейтін АК. ✓ 5 (бес) жылдан асқан кез келген санаттағы АК. <p>Сақтандыру бағдарламасы мыналарды өтемейді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Полис бойынша сақтандырылған АК-да кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрін жүзеге асырумен байланысты тасымалданатын тауарлар (жолдағы тауарларды қоса алғанда) үшін залал немесе жауапкершілік; 2) мыналарға арналған АК-ның зақымдануы: <ul style="list-style-type: none"> ✓ нитроглицерин, динамит сияқты жарылу қаупі бар заттарды немесе кез келген басқа ұқсас заттарды тасымалдау. <p>Егер заттардың өздері жарылу қаупін тудырмаса, бірақ жарылу қаупі бар заттардың құрамдас бөлігі болса, олар осы Полиске сәйкес тізімнен шығарылмайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ АК прокатқа беру; 3) үшінші тұлғаларға келтірілген залал; 4) АК механизмдерінің сақтандыру жағдайы тудырмаған сынуы.
Сақтандыру объектісі:	АК-ны иеленуге, пайдалануға және/немесе оған билік етуге, сондай-ақ сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру жағдайы нәтижесінде оның зақымдану немесе жоғалу (қирау) қаупіне байланысты Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның мүлкітік мүдделері.
Сақтандыру жағдайы:	<p>Сақтандыру жағдайы деп келесі оқиғалардың («Барлық тәуекел») нәтижесінде АК-ның зақымдануы немесе қирауы (толық қирауы) танылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жол-көлік оқиғасы (ЖКО) – тек сақтандырылған автокөлік жүрген жолда және оның қатысуымен туындаған оқиға; 2) 8) табиғи апаттар, атап айтқанда: құйын (ауа райы жағдайынан туындаған, желдің күші Бофорт шкаласы бойынша 60 балға сай келетін, желдің жылдамдығы 60 км/сағ-тан астам болатын ауа массаларының қозғалысы) немесе дауыл, бұршақ, су тасқыны, жер сілкінісі, көшкін, сел тасқынының жүруі; 3) үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері өрт қоюды, көлік құралын зақымдауды, бұзақылықты, вандализмді қоса алғанда; 4) айдап әкету, ұрлау - ұрлау мақсатынсыз автокөлікті немесе өзге көлік құралын заңсыз иеленіп алу/ өзгенің мүлiгiн жасырын түрде жымқыру; 5) басқа да күтпеген оқиғалар - кездейсоқ сыртқы әсерден туындаған және/немесе іргелес аумақта (жолға тікелей іргелес жатқан және көлік құралдарының тура жүруіне арналмаған аумақ, соның ішінде аулалар, тұрғын алқаптары, автотұрақтар, автокөліктерге жанармай құю станциялары, кәсіпорындар) орын алған, сақтандырылған автокөлікке қатысты немесе оның қатысуымен жүру барысында болған оқиға, атап айтқанда: басқа көлік құралымен соқтығысу, қозғалмайтын немесе қозғалыстағы заттарды (құрылыстар, бөгеттер, жануарлар және т.б.) басып кету (қағу), автокөліктің төңкерілуі, құлауы, мұз астына құлап түсу, топырақтың шөгуге салдарынан жол жабыны астына құлап түсу, қозғалыстағы көлік құралы (соның ішінде сақтандырылған автокөлік) астынан сақтандырылған автокөлікке тастың тиюі; <p>«АВТОГАРАНТ ПЛЮС» бағдарламасы бойынша қосымша келесілер сақтандыру жағдайларына кіреді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 6) лаңкестік әрекеттер, ереуілдер, локауттар; 7) оптиканың бөлек зақымдалуы немесе жоғалуы; 8) шиналардың және/немесе дөңгелектердің зақымдалуы 9) басқа арнайы көлік құралдарын тасымалдау кезіндегі АК зақымдалуы немесе бұзылуы; 10) АК қозғалтқышына түрлі заттардың түсуі нәтижесінде оның зақымдалуы немесе қирауы; 11) оңай алынатын бөлшектерінің ұрлануы.
Сақтандыру сомасы, сақтандыру сыйлықақысы және сақтандыру сомасынан тариф:	<p>Сақтандыру сомасы – Полис жасалған күнгі АК-ның нақты құны мөлшерінде белгіленеді.</p> <p>Оңай алынатын бөлшектерді сақтандыру бойынша сақтандыру сомасы – АК сақтандырған кездегі сақтандыру сомасының 10% жауапкершілік шегі.</p> <p>Сақтандырудың жалпы сомасы АК-ның нақты құнынан аспауы керек.</p> <p>Сақтандыру тарифі – Сақтандырушының уәкілетті органының шешімімен класс бойынша тариф шегінде бекітіледі (0,104% - 16,8939%).</p>

«BASEL» Сақтандыру компаниясы АҚ
АВТОГАРАНТ (КМФ) автокөлікті ерікті сақтандыру бағдарламасы

Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері:	Полис жасалған күннен бастап 3 (үш) күн ішінде Сақтанушы банктік шотқа немесе Сақтандырушының кассасына қолма-қол ақшамен/қолма-қол ақшасыз біржолғы төлеммен сақтандыру сыйлықақысын төлейді.
Франшиза, шартсыз:	<p>№1 нұсқа – АВТОГАРАНТ ПЛЮС (КМФ) АК ішінара бүлінген кезде – 2%; АК толық қираған (жоғалған) кезде, сондай-ақ айдап әкету және ұрлау тәуекелдері бойынша – сақтандыру сомасының 10%-ы</p> <p>№2 нұсқа – АВТОГАРАНТ ПЛЮС (КМФ) АК ішінара бүлінген кезде – болмайды; АК толық қираған (жоғалған) кезде, сондай-ақ айдап әкету және ұрлау тәуекелдері бойынша – сақтандыру сомасының 8%-ы Оңай алынатын бөлшектері ұрланған кезде – оңай алынатын бөлшектер үшін белгіленген, сақтандыру сомасының 3%-ы.</p>
Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен талаптары:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Пайда алушыға нақты залал мөлшерінде, алайда Полисте белгіленген жалпы сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады. 2. Сақтандыру төлемі Сақтанушының «ЖКО» тәуекелі бойынша» таңдаған шарттарға байланысты жүзеге асырылады: <ul style="list-style-type: none"> ✓ жол полициясы органдарының құжаттарымен – АВТОГАРАНТ (КМФ) бағдарламасы; ✓ жол полициясы органдарының құжаттарымен, егер АВТОГАРАНТ ПЛЮС (КМФ) бағдарламасы бойынша залал 500 000 (бес жүз мың) теңгеден аспайтын болса, үшінші тұлғалардың кінәсі болмаған және адамдардың өміріне және денсаулығына зиян келтіру дерегі болмаған жағдайда, КҚ айдап әкету/ұрлау жағдайларынан өзге. 3. Зиянның мөлшері мыналардың негізінде айқындалады: <ul style="list-style-type: none"> ✓ Ақау актісі мен ТҚКС берген АК жөндеуге арналған егжей-тегжейлі шот; ✓ Ақау актісі мен арнайы ТҚКС берген АК жөндеуге арналған егжей-тегжейлі шот; 4. Сақтандырушы сақтандыру полисінде көзделген құжаттардың толық пакетін алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру төлемін жасау немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. 5. Сақтандыру жағдайын қарау және шешім қабылдау үшін қажет құжаттарды түзету анықталған жағдайда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін құжаттарды қарау мерзімі оларды түзету мерзіміне тоқтатылады, ол туралы Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға құжаттарды түзету қажеттілігі анықталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша хабардар етеді. Сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі Сақтандырушыға түзетілген құжаттарды тапсырған күннен бастап қайта жаңартылады. 6. Сақтандыру төлеміне Сақтандырушының өкілі тіркеген, сақтандыру жағдайы нәтижесінде зақымдалған АК-ның бүлінген бөлшектері мен шанағының бөлшектерін жөндеу және/немесе айырбастау үшін төленетін өтемақы кіреді, егер де Сақтандырушы зақымдар мен бүлінген бөлшектер, сондай-ақ АК-ның жасырын ақауларын тіркемеген болса, Сақтанушы Сақтандырушының қатысуымен көлік құралын қайта қарауды ұйымдастыруға міндетті. 7. Сақтандыру полисі бойынша Сақтандырушы Пайда алушыға мына жағдайларда өтеуге құқылы: <ul style="list-style-type: none"> ✓ АК-ны айдап әкеткен/ұрлаған жағдайда - сақтандыру полисі мен Сақтандыру ережелерінің талаптарын ескере отырып, сақтандыру полисінде көрсетілген франшиза сомасын шегергендегі жалпы сақтандыру сомасы; ✓ АК толық қираған жағдайда: <ul style="list-style-type: none"> - сақтандыру полисінде көрсетілген франшизаны шегеріп тастағандағы жалпы сақтандыру сомасы, сондай-ақ сақтандыру полисінің шарттарын және Сақтандыру ережелерін ескере отырып, Сақтандырушы ұсынған тәуелсіз бағалаушы анықтайтын сатуға жарамды қосалқы бөлшектер мен АК-ның кәдеге жаратылатын қалдықтарының құны; - сақтандыру полисінің талаптарын және Сақтандыру ережелерін ескере отырып, сақтандыру полисінде көрсетілген франшизаны шегеріп тастағандағы жалпы сақтандыру сомасы, Сақтанушы Сақтандырушыға сатуға жарамды қосалқы бөлшектер мен кәдеге жарату қалдықтарын берген жағдайда. Мұндай жағдайда сақтандыру төлемі болмауы және/немесе зақымдануы сақтандыру жағдайына қатысты емес, болмаған (ауыстырылған) бөлшектер мен агрегаттардың құнын шегере отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында автокөлікті қабылдау-тапсыру актісі жасалғаннан кейін жүргізіледі. АК-ны Сақтандырушыға беру үшін оны жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органда және кеденде тіркеу есебінен шығару қажет. ✓ Сақтандыру полисінің талаптарын және Сақтандыру ережелерін ескере отырып, АК-ге ішінара зиян келтірген жағдайда, ақау актісі және ТҚКС төлеуге арналған егжей-тегжейлі шот негізінде айқындалатын АК қалпына келтіру құны. 8. Мұндай шығындар қажет болған немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жасалған болса, Сақтандырушы Сақтанушының АК-сын сақтау, сақтандыру жағдайы басталғаннан болатын шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында көтерген шығындарын өтейді. 9. АК-ның толық қирауы (конструктивті қирауы) Сақтандырушы арнайы ТҚКС шотын көрсеткен кезде жөндеудің орынсыздығы анықталса немесе залал сомасы Полис жасалған күні белгіленген АК нақты құнының 80%-на тең немесе одан асатын болса, АК жойылған кезде белгіленеді. 10. Кез келген сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жасалғаннан кейін сақтандыру полисі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды. 11. АК ішінара зақымдалған жағдайда (АК-ны айдап әкету, ұрлау, толық қирауы тәуекелдерін қоспағанда) сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Сақтандырушы полистің қолданылу мерзімі ішінде сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлемей сақтандыру төлемінің саны мен сомасына қарамастан сақтандыру сомасын автоматты түрде қалпына келтіруі тиіс. 12. АВТОГАРАНТ ПЛЮС (КМФ) бағдарламасы бойынша ақау актісінде және төлеуге арналған егжей-тегжейлі шотта анықталған нақты залал Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның алдын ала бағаланған 500 000 (бес жүз мың) теңгеден асатын болса, ал және Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға «ЖКО» тәуекелі бойынша» құзыретті органдардың құжаттарын ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушы 500 000 (бес жүз мың) теңгеден аспайтын сақтандыру төлемін жүзеге асыруға құқылы. Бұл ретте залал сомасын қате алдын ала бағалау ауыртпалығы Сақтанушыға/Сақтандырылған тұлғаға жүктеледі. 13. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалдарды Сақтанушыға сақтандыру жағдайына кінәлі болған үшінші тұлғалар немесе сақтандыру шарты жасалған басқа сақтандырушылар өтеген жағдайларда Сақтандырушы тек сақтандыру төлемінің сомасы мен Сақтанушының үшінші тұлғалардан алған өтемақы сомасы арасындағы

	<p>айырманы өтейді. Бұл ретте Сақтандырушы үшінші тұлғалар өтеген (орнын толтырған) залалдардың сол бөлігіндегі сақтандыру төлемінің артық төленген сомасын Сақтанушыдан қайтаруды талап етуге құқылы.</p> <p>14. Айдап әкеткен/ұрланған АҚ үшін сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының ИМ органдарының алдын ала тергеу жұмыстары аяқталғаннан кейін айдап әкеткен/жымқыру фактісінен кейін 2 (екі) айдан ерте емес жүргізіледі. Сақтандырушы айдап әкеткен/ұрлаған үшін сақтандыру төлемін жасағаннан кейін айдап әкетілген/ұрланған АҚ табылған жағдайда, Сақтанушы алынған сақтандыру төлемін 30 жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға қайтаруға міндетті. Сақтанушы АҚ-дан бас тартқан жағдайда ол оны Сақтандырушыға беруге міндетті, сондай-ақ оған құжатталған меншік құқығын да береді.</p>
<p>Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздері:</p>	<p>1. Сақтандыру полисі бойынша мына жағдайлар сақтандыру жағдайы деп саналмайды және өтелмейді:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ АҚ-ның тауарлық түрін жоғалтуы; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның және/немесе жолаушының сақтандыру жағдайы кезінде АҚ-да болған мүлкіне келтірілген залал; ✓ АҚ-ның табиғи тозуы және коррозиясы; ✓ сақтандыру жағдайының туындауына әкеп соқтырған пайдалану барысындағы механикалық/электрлік ақаулар және (немесе) бұзылулар; ✓ АҚ тентінің немесе жабынының жоғалуы немесе зақымдалуы; ✓ көлік құралы арнайы белгілермен (таңбалармен) белгіленген (құрылыс алаңдары, сел қаупі бар аумақтар және т.б.) қоршалған және (немесе) аумақтан тыс жерге кіруге немесе тұраққа қоюға тыйым салу туралы ескертуді бұзу нәтижесінде келтірілген залал алды алынған тәуекелдер нәтижесінде зақымданған жағдайда; ✓ кез келген бұзылулар, техникалық ақаулар немесе зауыт ақаулары салдарынан болған сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру жағдайлары нәтижесінде АҚ-ға келтірген залалдар; ✓ АҚ-ға өндіруші зауытта көзделмеген қосымша жабдықты орнату, өздігінен орнату нәтижесінде болған өрт салдарынан келтірілген залал; ✓ АҚ-да орналасқан мүліктің сақтандыру оқиғасы кезінде немесе сақтандыру оқиғасынан кейін бірден жоғалуы немесе жымқырылуы. <p>✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының АҚ-ға келтірген залалдың құнын анықтауға жұмсалған шығындары.</p> <p>2. Егер сақтандыру жағдайы келесі жағдайлардың салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден босатылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның техникалық жай-күйі мен жабдығы АҚ-ны пайдалануға тыйым салынатын ақаулар мен талаптар тізбесіне енгізілген техникалық ақауы бар АҚ-ны пайдалануы; ✓ жарамды жүргізуші куәлігі жоқ тұлғаның АҚ-ны жүргізуі; ✓ АҚ-ны алкогольдік, есірткілік немесе ұйтқұмарлық мас күйдегі тұлғаның басқаруы; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның АҚ-дағы қауіпті заттар мен тасымалдауға тыйым салынған заттарды тасымалдауы; ✓ АҚ-ның онда қалдырылған кілттермен (бірге немесе бөлек) және (немесе) сигнал жүйесін басқару пультімен және/немесе АҚ-ны мемлекеттік тіркеу туралы куәлікпен бірге жымқырылуы және айдап әкетілуі; ✓ АҚ-ны жарыстарда, бәс тігуде, спорттық іс-шараларда, жаттығу, тест-драйв жүргізу, жалға, лизингке немесе прокатқа беру мақсатында, такси ретінде пайдалану кезеңінде болған оқиғалар. <p>3. Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тартуына Сақтанушының мына әрекеттері негіз бола алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушыға сақтандыру полисін жасау кезінде АҚ туралы, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы мен оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді беруі; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайынан келтірілген залалдарды азайту шараларын қасақана қолданбауы; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау мән-жайларын тергеуге және келтірілген залалдың мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы хабарламауы; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру полисінің қолданылу кезеңінде оның техникалық жай-күйін тексеру үшін АҚ-ны беру туралы Сақтандырушының талаптарын орындамауы, сондай-ақ Сақтандырушыға бүлінген АҚ-ға (жөндеуге дейін және/немесе жөндеуден кейін) немесе оның қалдықтарына, не болмаса олар толығымен жойылуы мүмкін болған жағдайларды қоспағанда, зақымданған бөліктеріне, бөлшектері мен керек-жарақтарына, қосымша жабдыққа немесе олардың қалдықтарына қол жеткізуді қамтамасыз етпеуі; ✓ егер Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға сақтандыру оқиғасы болған жерден қашып кетсе; ✓ егер Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға/Пайда алушы сақтандыру жағдайының себептерін, сипатын және оның нәтижесімен байланысын анықтау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаса немесе көрінеу жалған дәлелдемелерді ұсынса; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алуы; ✓ Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға дәлелді себептермен көрсетілген әрекеттерді жасай алмаған және оны құжаттармен растаған жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны сақтандыру полисінде белгіленген мерзімде хабардар етпеуі; ✓ заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның/Пайда алушының қасақана қылмыс немесе әкімшілік бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері; ✓ осы Бағдарлама бойынша сақтандыру полисінің талаптарын бұзу; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемін сақтандыру жағдайына кінәлі тұлға немесе сақтандыру шарты жасалған Сақтандырушы жүзеге асырған болса, Сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы ✓ Сақтандыру қағидаларына сәйкес өзге бас тарту жағдайлары.

<p>Сақтандыру төлемін төлеу мәселесін қарауға қажет құжаттар</p>	<p>1. Сақтандыру төлемі туралы мәселені қарау үшін Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға сақтандыру жағдайының түріне қарай Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішті және мына құжаттарды ұсынуға міндетті:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Полис туралы мәліметті көрсете отырып, сақтандыру жағдайының (оқиғаның) басталуы туралы өтініш; ✓ АҚ-ны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі; ✓ жол-көлік оқиғасы кезінде АҚ-ны басқарған адамның жүргізуші куәлігінің, жеке куәлігінің көшірмесі; ✓ заңды тұлға үшін АҚ-ны заңды негізде басқаруын растайтын құжаттың көшірмесі; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру жағдайы туындаған кездегі шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын растайтын құжаттар (болған жағдайда); ✓ залалдың мөлшерін растау үшін, таңдалған шарттарға байланысты: <p>- жауапты тұлғаның қолымен және кәсіпорын мөрімен куәландырылған қажетті жұмыстардың толық тізімін, ауыстырылатын/жөнделетін бөлшектердің, бөліктердің тізімін және олардың құнын қамтитын сақтандыру жағдайы нәтижесінде зақымданған АҚ-ны қалпына келтіру бойынша ТҚҚС/Арнайы ТҚҚС ұсынған АҚ сақымдануы туралы фотоесеп, ақау актісі және төлемге арналған егжей-тегжейлі шот. «Толық қирау» тәуекелі бойынша жарамды қалдықтарды және олардың құнын анықтайтын келтірілген зиянды бағалау туралы есепті ұсыну;</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ сақтандыру төлемін алу құқығын растайтын құжаттар (сенімхат, мұрагерлік құқығы туралы куәлік және т.б.); ✓ Сақтанушының келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға қатысты кері талап ету құқығынан төленген сақтандыру сомасы шегінде Сақтандырушыға беруді қамтамасыз ететін құжаттар (ЖКО-ға кінәлі тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі, талап ету құқығын беру туралы өтініш, жауап алу хаттамасы, түсініктемелер және т.б.). <p>Сақтандыру жағдайының түріне байланысты:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ <u>ЖКО жағдайында:</u> ішкі істер органдарының құжаттары: жол қозғалысы ережелерін бұзу туралы хаттама, әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулы, ЖКО сызбасы, жол қозғалысы ережелерін бұзу туралы хаттамаға толықтыру, ЖКО қатысушыларының ішкі істер органдарына берген түсініктемелері, ЖКО қатысушыларының медициналық куәландыру хаттамалары/қорытындылары; заңды күшіне енген сот қаулысы; ЖКО фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалған және материалдар сотқа берілген болса, іс бойынша шешім болған заңды күшіне енген сот үкімі немесе сот шығарған өзге де іс жүргізу құжаты. Бұл құжаттар «ЖКО» тәуекелі бойынша жол полициясы органдарының құжаттарынсыз» сақтандыру шарты таңдалған жағдайда ұсынылмайды; ✓ <u>табиғи апаттар жағдайында:</u> өртке қарсы бақылау органдарының немесе тергеу органдарының құжаттары (соның ішінде өрт туралы акт, өрттің себептері туралы өрт-техникалық сараптамасының қорытындысы және т.б.); гидрометеорологиялық немесе сейсмологиялық қызметтердің, Төтенше жағдайлар министрлігі немесе құзыретіне осы жағдайларды тіркеу/тергеу міндеті кіретін басқа да құзыретті органдардың құжаттары; ✓ <u>АҚ-ны айдап әкету мен ұрлауды қоса алғанда, үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері жағдайында:</u> оқиға фактісі бойынша ішкі істер органдарына берілген арыз, ішкі істер органдарының қылмыстық істі қозғау немесе қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулысы, қылмыстық істің процестік жылжуы туралы қаулылар, алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін – қылмыстық істі тоқтата тұру туралы шешім немесе айыптау қорытындысы (үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген залал болса), соттың шешімі (үкімі). Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау кезінде Сақтандырушы Сақтанушыдан АҚ-ның айдап әкетілген немесе жымқырылған көліктер тізімінде тұрғаны туралы ішкі істер органдарынан анықтама беруін талап етуге құқылы; АҚ-ны тіркеу туралы барлық құжаттың түпнұсқалары, АҚ-ны тіркеу туралы куәлік немесе АҚ-ны айдап әкету, ұрлау туралы арыз берілген кезде оны алып қою немесе оның болмауы туралы қаулының (үәкілетті органның мөрімен куәландырылған), АҚ-ның пернелері және сигнал беру жүйесі кілттерінің барлық жинағын беруін талап етуге құқылы. ✓ өзге де күтпеген оқиғалар кезінде – өртке қарсы және құқық қорғау органдары актілерінің көшірмелері, өрт-техникалық сараптама қорытындылары; оқиға орнын тексеру хаттамасының көшірмесі; сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы үәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын өзге де құжаттар; <p>2. Оқиғаның орын алу фактісі мен мән-жайларын, оқиғаның орын алуы нәтижесінде келтірілген залалды, растайтын құжаттарды жинау және ұсыну ауыртпалығы Сақтанушыға жүктеледі. Келтірілген зиянға жауапты тұлға талаптар құқығын іске асыру үшін қажет, Сақтандырушының нұсқауы бойынша тәуелсіз бағалаушы толтыратын бағалау туралы есепті жасау шығындарын Сақтандырушы көтереді.</p> <p>3. Құзыретті органдардың құжаттары түпнұсқа немесе осы құжатты берген құзыретті органның жауапты тұлғасының мөрімен және қолымен куәландырылған көшірмелер түрінде ұсынылуы тиіс.</p> <p>4. Мәлімделген сақтандыру жағдайы бойынша құжаттарды қабылдауды Сақтандырушы Сақтанушыға қабылданған құжаттар туралы анықтама беру арқылы жүзеге асырады.</p> <p>5. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаны қарастыру және ол бойынша шешім қабылдау үшін қажетті құжаттардың тізімі мен саны Сақтандырушының қалауы бойынша қысқартыла алады.</p>
<p>Сақтандыру агенті/брокері туралы ақпарат:</p>	<p>Бағдарламада Полистерді «BASEL» СК» АҚ серіктестері арқылы рәсімдеу қарастырылған.</p>
<p>Гросс %-бен көрсетілген агент сыйақысының мөлшері:</p>	<p>Сақтандырушының өкілетті органының шешімімен бекітіледі.</p>
<p>Сақтандыру аумағы:</p>	<p>Қазақстан Республикасы + Қырғыз Республикасы.</p>
<p>Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі:</p>	<p>Сақтандыру мерзімі - 12 ай. Полис сақтандыру сыйлықақысы төленген күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді және Полистің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе сақтандыру сомасы таусылғанға дейін, қайсысы бірінші келгеніне байланысты жарамды болады.</p>
<p>Сақтандыру полисін жасасу формасы:</p>	<p>Полис қағаз түрінде немесе электрондық түрде беріледі.</p>
<p>Өтініш-сауалнаманы ұсыну формасы:</p>	<p>Өтініш-сауалнаманы қағаз түрінде немесе электрондық түрде беруге болады.</p>

Қосымша талаптар:

1. Сақтандыру бағдарламасы арқылы осы Бағдарламаның №1 қосымшасына сәйкес екі Сақтандыру нұсқасы қарастырылады.
2. Жарнамалық мақсатта Сақтандыру бағдарламасына ұсынылған сақтандыру шарттарына сәйкес екі атау беріледі.
3. №2 нұсқа «АВТОГАРАНТ ПЛЮС (КМФ)» сақтандыру оқиғасы болған жағдайда 20 000 теңгеге дейінгі эвакуатор қызметін көрсетуді қамтиды.
4. Сақтанушының бастамасы бойынша Шартты мерзімінен бұрын бұзу Сақтанушының жазбаша өтініші болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.
5. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату өтініш берілген күннен бастап келесі күні мүмкін болады.
6. Шарт жасалғаннан кейін 14 күн ішінде жеке тұлға - Сақтанушының бастамасы бойынша бұзылатын жағдайда, Сақтандырушыға шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы өтініш берген күннен бастап сақтандыру сыйлықақысы сомасының 10 %-ын шегеріп, сақтандырудың мерзімі аяқталмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін жеке тұлға болған Сақтанушыға қайтарады.
7. 6-тармақты қоспағанда Шарт жасалғаннан кейін 15 және одан көп күн ішінде Сақтанушы бастамасы бойынша бұзылатын болса, Сақтандырушыға Шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы өтінішті берген күннен бастап, Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысының аяқталмаған сақтандыру мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақысының сомасынан 50 % шегерілген бөлігін және сақтандырушы төмендегідей формула бойынша ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысын қайтарады:
ССБ = СС * n/N/2, мұндағы:
ССБ - сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының өлшемі (теңгелей);
СС - сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысының өлшемі (теңгелей);
n - сақтандыру шартының күшке енген күнінен бастап жүгінген күнді қоса алғанда мерзімінен бұрын тоқтатылған күнге дейінгі мерзім (күнмен);
N - сақтандыру шартының жасалған мерзімі (күнмен).
8. Егер жеке тұлға-Сақтанушының бастамасы бойынша қарыз шарты бойынша Қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерді Сақтанушының орындауы себебінен қарыз шартына байланысты шарт бұзылған жағдайда, Сақтандырушы алынған сақтандыру сыйлықақысын жеке тұлға-Сақтанушыға Шарт қолданылған уақытқа және Шартты бұзуға байланысты алынған сақтандыру сыйлықақысының 10%-нан аспайтын шығындарға тең сақтандыру сыйлықақысының бөлігін шегере отырып қайтарады. Сақтандыру сыйлықақысы 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайтарылады.
9. Егер Сақтандырушы Сақтанушыға Полис бойынша қандай да бір сақтандыру төлемін жасаған болса немесе Шарт бойынша мәлімделген залал бар болса, онда бұл жағдайда сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушыға қайтарылмайды.
10. Осы Сақтандыру бағдарламасында келісілмегеннің барлығы «Basel» сақтандыру компаниясы АҚ-ның Автокөлікті сақтандыру қағидаларымен реттеледі.